



«GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY» ЖУРНАЛДЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

1. Жалпы ережелер

Редакциялық саясат журналдың білім беру саласындағы ғылыми мақалаларды жариялау кезінде басшылыққа алатын қағидаттары мен рәсімдерін айқындайды. Бұл саясат жарияланатын барлық материалдардың жоғары сапасын, ғылыми адалдығын және этикалық стандарттарын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Редакциялық саясат академиялық баспа ісіндегі үздік тәжірибелерге негізделген және Жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің (COPE) ұсынымдарын қоса алғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Аталған нұсқаулықтарды сақтау ғылыми этиканың жоғары деңгейі мен жарияланатын еңбектердің сапасын қамтамасыз етудің негізгі шарты болып табылады.

1.1. Gumilyov journal of pedagogy (бұдан әрі – Журнал) – білім беру саласындағы түпнұсқа, жоғары сапалы, мұқият іріктелген ғылыми жұмыстарды жариялауға мамандандырылған рецензияланатын ғылыми журнал болып табылады.

1.2. Журнал 1995 жылдан бастап шығарыла бастады және «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Элеуметтану» сериясының құқықтық мұрагері болып табылады (ISSN Print: 2616-6895, ISSN Online: 2663-2497). Қайта есепке алу және атауын өзгерту рәсімінің аясында 2025 жылдың 25 ақпанында журнал жаңа атаумен — Gumilyov Journal of Pedagogy (ISSN Print: 3080-1710) ресми түрде тіркелді. Қайта есепке қою туралы куәлік № KZ79VPY00113358 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі тарағынан берілді.

1.3 Халықаралық стандартты сериялық басылымдар нөмірлері орталығы журналға келесі индекс тағайыннады: баспа нұсқасының ISSN (Print) 3080-1710.

1.4. Журналдың шығу жиілігі — жылдан 4 рет.

1.5. Журналдың ресми сайты: pedjournal.enu.kz

1.6. Құқық иесі және баспагер — «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 10000 Қазақстан, Астана қаласы, Сәтпаев көшесі, 2, ЕҮУ оқу-әкімшілік (бас) ғимараты.

1.7. Редакциялық саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Редакциялық коллегияның шешімімен енгізіледі.

2. Журналдың мақсаты мен міндеттері

2.1. Журналдың негізгі мақсаты — педагогикалық ғылымның дамуына және педагогикалық құбылыстардың, үрдістердің және динамиканың теренірек түсінілуіне ықпал ететін жоғары сапалы түпнұсқа зерттеулерді жариялау. Журнал заманауи зерттеулердің нәтижелерін алмасу алаңына айналуды мақсат етеді, мұнда зерттеулер қатаң әдістемеге және теориялық талдауға негізделеді. Сонымен бірге журнал білім беру

саласындағы әртүрлі ғылыми мектептер арасындағы диалогты қолдау үшін кең ауқымды теориялық және әдістемелік тәсілдерді ашық түрде қабылдайды.

2.2. Журнал жарияланымдар арқылы келесі міндеттерді шешуге қатысады:

- Жаңашылдығы, маңыздылығы және жоғары теориялық әрі әмпирикалық талдау деңгейімен ерекшеленетін түпнұска ғылыми мақалаларды жариялау;
- Білім беру саласындағы өзекті мәселелер мен қазіргі заманғы шақыруларды талқылауға арналған алаң ұсыну;
- Академиялық қауымдастыққа, тәжірибешілерге және шешім қабылдаушыларға маңызды білім беру саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеудердің дамуына ықпал ету;
- Ғылыми білімге ашық қолжетімділік принциптерін қолдап, жарияланған зерттеудердің кең таралуы мен ғаламдық ғылыми қауымдастық пен мүдделі жүртшылық үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
- Педагогиканың басқа ғылымдармен қиылсызында жатқан аралас (пәнаралық) зерттеудерді ынталандыру;
- Білім беру саласындағы қазіргі үрдістерді академиялық талқылау мен сынни пайымдауды қолдау;
- Рецензиялау процесіне тиісті саладағы жетекші ғалымдар мен мамандарды тарту арқылы жоғары ғылыми стандарттарды сақтау;
- Ғалымдар, оқытушылар, докторанттар, магистранттарға білім беру саласындағы теориялық, қолданбалы және практикалық маңызы бар іргелі және қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін жариялауға мүмкіндік беру;
- Редакциялық коллегияның авторлармен бірлескен жүйелі жұмысы арқылы ел ішіндегі ғылыми мақалалардың сапасын көтеру;
- Қазақстанды ғаламдық ғылыми кеңістікке енгізу (соның ішінде ғылымметриялық деректер базаларына кіру арқылы);
- Қазақстандық ғалымдарды халықаралық ғылыми қауымдастыққа интеграциялау;
- Журналды «ашық қолжетімділік» (Open Access) типіндегі ғылыми басылым ретінде дамыту;
- Халықаралық деректер базалары мен ашық электрондық ресурстардағы журналдың қатысуын көңейту;
- Шетел оқырмандары үшін журналдың қолжетімділігін арттыру — зерттеудің мәнін ағылшын тілінде кеңінен түсіндіру (Abstract), түйін сөздерді (Keywords) беру және әдебиеттер тізімін латын әліпбійнде (References) қайталау.

3. Журналдың бағыттары мен шығу мерзімі

3.1. Журнал білім беру саласындағы кең ауқымды тақырыптар мен бағыттарды қамтиды, фундаменталды теориялық және әдістемелік мәселелерге, сондай-ақ педагогикалық білімнің әртүрлі салаларындағы әмпирикалық зерттеудердің нәтижелеріне арналған мақалаларды жариялады. Журнал түрлі теориялық және әдістемелік парадигмалар аясында орындалған жұмыстарды қолдап, заманауи педагогикалық зерттеудердің алуандығын көрсетуге үмтүлады.

3.2. Журналдың тақырыптық бағыты: Білім беру саласы

3.3. Басылымның шығу мерзімі – жылына 4 рет.

4. Ашық қолжетімділік саясаты

Журнал — ашық қолжетімділік журналы болып табылады, яғни жарияланған барлық мақалалар әлемнің барлық оқырмандарына тегін және еркін қолжетімді. Мақалалардың толық мәтіндегі журналдың ресми сайтында орналастырылып, оларды оку, жүктеу, көшіру, тарату, басып шығару, іздеу немесе сілтеме жасау үшін баслагердің немесе автордың алдын ала рұқсатынсыз пайдалануға болады. Бұл Creative Commons Attribution License International CC BY-NC лицензиясының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған лицензия пайдаланушыларға журнал материалдарын коммерциялық емес мақсатта авторлық құқықты сақтау және түпнұсқа жарияланымға сілтеме жасауды міндетті түрде ескере отырып, еркін пайдалануға мүмкіндік береді.

5. Архивтеу

Ғылыми журналдың электрондық нұсқалары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» акционерлік қоғамына (ҰFTO) және халықаралық ғылыми ақпараттық қызмет көрсетуші EBSCO компаниясына қор қалыптастыру және электрондық кітапханаға енгізу мақсатында ұсынылады. Журнал материалдарын Elibrary.ru платформасында архивтеу жүзеге асырылады.

6. Мақалаларды жариялау шарттары

6.1 Ғылыми мақала — автордың өзіндік тұжырымдары мен ғылыми зерттеу, тәжірибелік немесе аналитикалық қызметтің аралық немесе соңғы нәтижелерін баяндау, авторлық жұмыстарды, қорытындыларды, ұсыныстарды қамтиды, бұған дейін жарияланбаган және жаңалық қасиетіне ие; немесе ортақ тақырыпқа байланысты бұрын жарияланған ғылыми мақалаларды қарастыруға арналған (жүйелі шолу).

6.2 Барлық ғылыми мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады және бұған дейін баспа және/немесе электронды түрде жарияланбауы тиіс.

6.3 Мақаланың қабылданған күні ретінде редакцияға оның соңғы нұсқасының түскен күні есептеледі. Редакция мақала мазмұнын бұзбайтын редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

6.4 Шетелдік авторлардың мақалалары және ағылшын тіліндегі мақалалар журналдың әр нөміріндегі жарияланымдардың кем дегенде 1/3 (үштен бір) үлесін құрайды немесе Қазақстандық әріптессіз ағылшын тіліндегі бір (1) шетелдік автор мақаласы есепке алынады.

6.5 Баспа үйімен байланысы жоқ авторлардың ғылыми мақалалары журналдың әр нөміріндегі жарияланымдардың кем дегенде 50% (елу пайызы) құрайды.

6.6 Бір журнал нөмірінде автор бір ғана мақала жариялай алады, соавторлықты қоса есептегендегі. Бір автордың мақаласы (жеке немесе бірлесіп дайындалған) екі бірінен кейінгі нөмірде қатарынан жариялануы мүмкін емес.

6.7 Антиплагиат жүйесі арқылы тексерілгеннен кейін түпнұсқалығы 75% және одан жоғары болатын қолжазбалар ғана әрі қарай рецензиялауға жіберіледі.

6.8 Журналда жариялауға қабылданған әрбір түпнұсқа мақаласына тұрақты сілтеме мен халықаралық сәйкестендіруді қамтамасыз ететін бірегей DOI (Digital Object Identifier) сандық объектінің идентификаторы беріледі.

6.9 Ашықтық пен академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында редакция әрбір мақалаға қолжазбаның түскен күнін, жариялауға мақұлданған күнін және мақаланың журнал сайтында орналастырылған күнін жариялайды.

6.10 «Gumilyov journal of pedagogy» журналында жариялау үшін мақалаларды дайындау кезінде ғылыми мақала құрылымын қатаң сақтал, рәсімдеу ережелеріне сәйкес жүргу қажет.

Мақаланы рәсімдеу параметрлері: бет — А4, кітапша форматында, жазу ені бойынша тураланған, барлық жақтан өріс — 20 мм. Қаріп: түрі — Times New Roman, мәлшері (кегль) — 14, жоларалық аралық — 1, бірінші жолдың шегінісі («қызыл жол») — 1,0 см.

Мақаланың көлемі (атауы, авторлар туралы мәліметтер, аннотация, негізгі сөздер мен библиографиялық тізім есепке алынбай) кемінде 6 бет (3 000 сөз) және ең көп дегенде 16 бет (7 000 сөз) болуы тиіс.

Ғылыми мақаланың құрылымы IMRAD (ИМРАД) форматынан тұрады (түпнұсқа мақалалар үшін), оған мыналар кіреді: атауы, аннотация, негізгі сөздер, кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылау, қорытынды, қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса), әдебиеттер тізімі.

—FTAMP

- Автор(лар)дың толық аты-жөні (ORCID сілтемесін басу мүмкіндігін  қосу);
- Автор(лардың) жұмыс орны, қала, ел, электрондық пошта;
- Мақаланың атауы;
- Аңдатпа;
- Түйін сөздер;
- Kіrіspе;
- Материалдар мен әдістер;
- Нәтижелер мен талқылау;
- Қорытынды;
- Авторлардың қосқан үлесі;
- Қаржыландыру туралы ақпарат;
- Әдебиеттер тізімі;
- Авторлар туралы мәлімет.

Мақаланы рәсімдеу тәртібі.

FTAMP (MRNTI/IRSTI) (Мемлекеттікаралық ғылыми-техникалық ақпарат рубрикаторы) тақырыбы бойынша <http://www.grnti.ru> сайтында анықталуы мүмкін. Қолжазбаның сол жақ жоғарғы бүрышында көрсетіледі (туралау — сол жақ шетке, қаріп — қою, кегль — 14). Стильдік файлды pedjournal.enu.kz журналдарының сайтынан жүктеп алуға болады.

Автор(лар). FTAMP-дан кейін бір жол төмен автор(лар)дың аты-жөнінің initials және тегі ортасына тураланып жазылады (қаріп – жартылай қалың, кегль – 14).

Төменде ұйымның толық атауы, қала, ел көрсетіледі (егер авторлар әртүрлі ұйымдарда жұмыс істесе, автордың тегі мен тиісті ұйымның алдына бірдей жоғарғы индекс қойылады), автор(лар)дың E-mail мекенжайы – жақшаша ішінде беріледі (ортасына тураланады, қаріп – көлбеу).

Егер авторлар бірнешеу болса, олардың мақалада көрсетілу тәртібін өздері белгілейді және оның мазмұнына толық жауап береді. Авторлар саны – **5-тен аспауды тиіс.**

Докторанттарға ғылыми жетекшісі дайындаған мақалага рецензия ұсынған жағдайда, мақалаларды бірлескен авторсыз жариялауға рұқсат етіледі.

Магистранттар мен докторанттардың еңбектері тек ғылым докторы, кандидат немесе PhD дәрежесі бар ғалыммен бірлескен авторлық жағдайындаған жариялана алады.

Әрбір автордың өзінің үйымымен байланысы төменде көрсетілгендей жоғарғы регистрдегі сан арқылы белгіленеді:

С.К. Искендирова¹ , С.Ж. Зейнолла² 

¹Қазақстан Республикасы президентінің Мемлекеттік басқару академиясы, Ақмола облысының филиалы, Қокшетау, Қазақстан

²Қазақстан-Неміс Университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ¹s196@gmail.com, ²saule@gmail.com)

Ескерту: хат-хабар алмасуға жауапты автор міндettі түрде «*» жүлдyzшамен белгіленуі тиіс.

Мақаланың атауы бір жолдан кейін ортасына орналастырылады, жартылай қалың қаріппен, көлбеу қаріп қолданылмайды. Қаріп — Times New Roman, кегль — 14. Мақала атаудында тек бірінші әріп бас әріппен жазылады, қалғандары кіші әріптермен (мысалы: Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін бағалау және оның сапасын басқару мәселелері). Атаудың соңында нұктес қойылмайды.

Анната (Аннотация/Abstract) — зерттеу мақаласының мазмұнын қысқаша сипаттайтын мәтін, ол оқырманға мақаланың мәнін тез түсінуге көмектесу үшін қолданылады. Анната мақаладағы негізгі ойды өз бетінше жеткізе алатын, дербес бөлік ретінде жазылуы тиіс. Ол мақаланың құрылымына сай, мазмұнды әрі бірізді түрде баяндалуы қажет. Мақала мәтініндегі сөйлемдермен дәлме-дәл келетін сөйлемдерді, белгілерді, әдебиеттерге сілтемелерді, суреттер мен кестелерді, веб-сілтемелер мен электрондық пошта мекенжайларын қолдануға болмайды. Анната оқырманды мақаланы толық оқуға ынталандыратындей болуы керек.

Анната құрылымы зерттеу нысанын сипаттаудан басталып, зерттеліп отырған мәселені немесе мотивацияны, қолданылған әдістерді, ең маңызды нәтижелер мен олардың маңыздылығын баяндаумен жалғасуы тиіс. Қажет болған жағдайда қалыптасқан терминологияны қолдану ұсынылады.

Мәтін көлемі – орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде кемінде 150 және 300 сөзден аспауы тиіс. Турау – енінен, қаріп – кәдімгі (қалыпты), кегль – 14.

Аннатаңың құрылымы келесі тармақтардан тұрады:

- Зерттеу тақырыбына қатысты кіріспе сипаттағы сөйлем;
- Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары;
- Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығын қысқаша сипаттау;
- Зерттеу әдістемесін қысқаша сипаттау;
- Зерттеудің негізгі нәтижелері, талдауы және қорыттындылары;
- Зерттеудің құндылығы (бұл жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі);
- Жұмыстың қорыттындыларының практикалық маңызы.

Түйін сөздер (Ключевые слова/Keywords) мақала мәтінін іздеу және оның пәндік саласын анықтау үшін қолданылады, 7 сөзден немесе сөз тіркесінен аспауы ұсынылады. Турау – енінен, қаріп – кәдімгі, кегль – 14.

Түйін сөздер (7 сөз немесе сөз тіркесінен аспауы тиіс) мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі, зерттеудің пәндік саласын анықтауы және мақала мәтінінде кездесуі қажет. Түйін сөздер бір-бірінен үтір арқылы бөлінеді.

Мақаланың негізгі бөлігі **IMRAD** құрылымына сәйкес үйимдастырылады және келесі бөлімдерден тұрады: кіріспе (мәселені қою, мақсат, тарихи шолу), материалдар мен әдістер, нәтижелер/талқылау, қорыттынды/тұжырымдар.

IMRAD бөлімдері жаңа жолдан басталып, жартылай қалың қаріппен ерекшеленеді.

Кіріспе (Введение / Introduction) келесі негізгі элементтерден тұрады:

- Тақырыпты тандаудың негіздемесі: тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі.

Тақырыпты тандауды негіздеуде алдыңғы зерттеушілердің тәжірибесін сипаттай

отырып, проблемалық жағдайдың бар екені (зерттеулердің болмауы, жана объектінің пайда болуы және т.б.) көрсетіледі. Тақырыптың өзектілігі – бұл зерттеліп отырган объектіге деген жалпы қызығушылық болғанымен, бар сұрақтарға толық жауаптың жоқтығымен сипатталады. Өзектілік теориялық немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденуі тиіс. Зерттеу нысанын, пәнін, мақсаттарын, міндеттерін, әдістерін, тәсілдерін, гипотезасын және жұмыстың маңыздылығын анықтау. Зерттеудің мақсаты — автор таңдаған аспектідегі зерттеу пәнін ұсыну арқылы тезисті дәлелдеу болып табылады.

– **Әдебиеттерге шолу (Обзор литературы / Literature review)** бөлімінде зерттелетін тақырыпқа қатысты шетелдік авторлардың негізгі және соңғы еңбектері қамтылуы тиіс. Осы еңбектердің ғылыми үлесі тұрғысынан талдауы жасалып, сондай-ақ зерттеудегі олқылықтар көрсетілуі қажет.

– Жұмыспен байланысты емес көп сілтемелердің болуы немесе автордың өз жетістіктері туралы орынсыз пікірлердің, сондай-ақ автордың бұрынғы жұмыстарына сілтемелердің болуына **ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ**.

Материалдар мен әдістер (Материалы и методы/Methods) бөлімінде материалдар мен жұмыс барысы сипатталып, қолданылған әдістер толық баяндалады. Зерттеу нысаны және оны жүргізу барысында қолданылған барлық әдістер сипатталып, олардың мәні мен негізделген талдауы көрсетіледі.

Бөлімде зерттеу қандай ғылыми сұрақтарға бағытталғаны, автор қандай гипотезаны ұсынғаны, зерттеудің қандай кезендірі өткендігі және қойылған мақсаттарға қандай әдістер арқылы жеткендігі нақты баяндалуы қажет. Сонымен қатар, материалдар мен жабдықтар (соның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету) туралы толық ақпарат берілуі тиіс, оның ішінде идентификациясы мен нұсқалары көрсетілуі керек. Бұрын жарияланған әдістердің сөзбе-сөз қайталануынан аулақ болу қажет және қолданылған жана тәсілдердің жаңалығы ерекше атап өтілуі керек.

Әтикалық мәселелер

Авторлар зерттеуге қатысқан барлық қатысуышылардан хабардар келісім алынғанын расталуы тиіс. Егер жеке деректер немесе құпия ақпарат жиналған болса, қатысуышылардың купиялышының қорғау шаралары нақты көрсетілуі керек.

Мысал: *Барлық қатысуышылар қатысуға кіріспес бұрын жазбаша хабардар келісім берді.*
Зерттеу барысында респонденттердің қупиялышының мен анонимділігі толығымен сақталды.

Нәтижелер мен Талқылау (Результаты и Обсуждение / Results and Discussion) — мақаланың ең маңызды бөлімдерінің бірі. Бұл бөлімде зерттеу нәтижелері талданып, олар туралы пікір алмасу жүргізіледі. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша қорытындылар жасалып, негізгі мәні ашылады. Сонымен қатар, жұмыстың нәтижелері алдынғы зерттеулер, талдаулар және қорытындылармен салыстыра отырып талдануы және талқылануы қажет.

Корытынды (Заключение/ Conclusion) - жұмыстың осы кезеңіндегі жинақтау және қорытындыларды шығару; автор ұсынған тұжырымның дұрыстығын растап, алынған нәтижелер негізінде ғылыми білімнің өзгерісі туралы автор пікірі. Қорытындылар зерттеу нәтижелерін белгілі бір ғылыми салада жинақтау үшін қолданылып, әрі қарайғы жұмыстарға ұсыныстар немесе мүмкіндіктер сипатталуы тиіс.

«Корытынды» бөлімінен кейін авторлар қалауы мен қажетіне қарай келесі бөлімдерді қосуға болады:

1. **«Алғыс айту» (Благодарности/Acknowledgements)** – авторлар зерттеуге косқан басқа да үлестер үшін ризашылығын білдіреді;

2. «Қаржыландыру» (Источники финансирования/Funding) – авторлар қаржыландырушы үйымдардың толық атауларын, грант нөмірлері мен жылдарын, сондай-ақ қаржыландыру мақсатын көрсетеді;

3. «Мұдделер қақтығысы» (Конфликт интересов/Conflict of Interest) – авторлар мүмкін болатын мұдделер қақтығысын ашады.

Авторлардың қосқан үлесі (Вклад авторов/Contribution of the authors). Бұл бөлім міндетті болып табылады және әрбір автордың мақалаға қосқан үлесін көрсету талап етіледі. Мақаланың авторлары болып келесі критерийлерге негізделген үлес қосқан тұлғалар танылуы мүмкін:

- жұмыстың концепциясы немесе дизайнына айтарлықтай үлес қосу;
- жұмыс нәтижелерін жинау, талдау немесе түсіндіру;
- мәтінді жазу және/немесе оның мазмұнын сын көзben қарau;
- мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту;
- жұмыстың барлық аспекттері үшін жауапкершілікті қабылдау, мәліметтердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің бүтіндігіне қатысты мәселелерді мүкият зерттеу және шешу.

Тұжырымдаулардың мысалдары толық емес болып табылады, әрбір автордың ерекше үлесін атап көрсету және мақаланы дайындауға қатысуын егжей-тегжейлі сипаттау ұсынылады. Тұпнұсқа мақалаларда экспериментті орындауға үлес қосқан әріптес авторлар үшін жүргізілген эксперименттік жұмыстың жеке кезеңдерінің атаулары көрсетілуі қажет.

Кестелер мен суреттерді рәсімдеуге қойылатын талаптар


Кестелер мен суреттер тікелей мәтіннің ішінде орналастырылады. Олар нөмірленіп, мәтінде осы нөмірге сілтеме жасалуы тиіс.

Суреттер мен графиктер стандартты форматтардың бірінде берілуі керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PSD.

Нұктелік (сызықтық-нұктелік) суреттер 600 dpi рұқсатымен жасалуы қажет.

Кестелер мен суреттерде барлық детальдар анық көрініп тұруы тиіс.

Мысалы:



Сурет 2. Жоғары оку орындарындағы қабылдау, бітіру және студенттер санының динамикасы

Ескертпе: (ФЖБМ, 2024) деректері негізінде құрастырылған

Кесте 1. Шетелдік студенттердің келу елдері бойынша саны (ФЖБМ, 2024)

Келген елі	2017	2018	2019	2020	2021
Өзбекстан	3683	9500	25964	15642	14404

Үндістан	3500	3717	4450	4220	5987
Түркіменстан	1320	2616	3176	2795	2795
Ресей Федерациясы	1075	1273	1247	1298	1263
Монголия	439	565	888	1128	1010
Қытай	1290	1240	807	871	811
Қырғызстан	1026	1026	1026	1067	659
Иордания	60	62	228	515	546
Басқа елдер	1505	1671	1683	1533	1462

Ескертпе: (FЖБМ, 2024) деректері негізінде құрастырылған

Қолданылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу

Барлық мақалалар, жарияланымдар және басылымға ұсынылатын материалдар «Гарвардтық сілтеме стилі» («Harvard referencing style») талаптарына сәйкес рәсімделген қолданылған әдебиеттер тізімімен бірге берілуі тиіс.

Теменде Гарвардтық әдебиеттер тізімін рәсімдеу стилі туралы тольк әқпарат бар:

<https://www.easybib.com/guides/citation-guides/harvard-referencing/harvard-referencing-style-examples/>

Бұл ресурс Гарвард стилінің талаптарына сәйкес сілтемелерді және библиографиялық көрсетілімдерді дұрыс рәсімдеу жөнінде ұсыныстар мен мысалдарды қамтиды.

Мәтін ішіндегі сілтемелер дөңгелек жақшаларда келесі форматта беріледі:
(Автор, Жыл):

– Бір авторға сілтеме жасағанда: (Симановский, 2025); екі авторға: (Майерс пен Туенж, 2014); үш авторға бірінші рет: (Карпенко, Казанбиеva және Дубинина, 2022), кейінгі сілтемелерде: (Карпенко және басқалар, 2022). Төрт және одан көп автор болса — әрқашан (Ерментаева және басқалар, 2014).

– Көптеген сілтемелер «;» арқылы, жариялану жылына кері тәртіпте тізіледі: (Симановский, 2025; Карпенко, Казанбиеva және Дубинина, 2022; Хоровиц, 2006).

– Бір автордың бір жылдағы бірнеше енбектеріне әріптік индекс қосылады: (Симановский, 2025a; Симановский, 2025b).

– Автор белгісіз болса, ұйымның атауы немесе «Анон» қолданылады: (Біріккен Ұлттар Ұйымы, б.ж.) немесе (Анон, б.ж.); жыл белгісіз болса — «б.ж.» қойылады: (Майерс, б.ж.).

– Қосалқы сілтемелер былай рәсімделеді: (Кэмбелл, Э. (1976, Қайталанған сілтеме бойынша: Баркхаузен, Г., 2016, б. X)).

– Мәтін ішіндегі сілтемелерде тікбұрышты жақшаларды қолдану қатты тыйым салынады.

Әдебиеттер тізімін рәсімдеудің негізгі талаптары:

– Әдебиеттер тізімінде дереккөздер авторлардың тегі бойынша әліпби тәртібімен көрсетіледі;

– Кириллицада жазылған (қазак және орыс тілдеріндегі) және латын транслитерациясындағы жарияланымдар араласқан кезде алдымен кириллицадағы жазбалар (орыс/қазак әліпбі бойынша) беріледі, одан кейін латын транслитерациясындағы жазбалар (латын әліпбі бойынша);

– Ағылшын тіліндегі жарияланымдар кириллицадағы жазбалармен араласқанда алдымен латын транслитерациясындағы жазбалар (латын әліпбі бойынша), кейін кириллицадағы жазбалар (орыс/қазак әліпбі бойынша) көрсетіледі.

– Сілтемелердің кемінде 30%-ы Scopus және (немесе) Web of Science деректер базаларында индексалануы тиіс;

– Сілтемелердің кемінде 50%-ы соңғы 10 жылға тиесілі болуы керек, олардың жартысы 3 жылдан аспауы қажет;

– Мақала авторлары мен қосалқы авторларының жарияланымдарының саны әдебиеттер тізімінің жалпы санының 20%-нан аспауы керек;

– Егер мақалада DOI болса, оны міндettі түрде көрсету қажет;

– Мақала мәтінінде дәйексөз немесе дереккөзге сілтеме жасаған кезде автор-жыл форматы дөңгелек жақшаларда көрсетілуі тиіс;

– Егер автордың тегі мәтінде бұрын аталған болса, жақшаларда тек жыл ғана көрсетіледі (қажет болған жағдайда бет нөмірі де қосылады).

Төменде пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу мен мәтін ішіндегі сілтемелерді ресімдеу үлгілері келтірілген.

Шарт	Мысал
1 автор	(Simanovski, 2025)
2 автор	(Myers and Twenge, 2014)
3 автор	Первый раз — (Karpenko, Kazanbieva and Dubinina, 2022), далее — (Karpenko et al., 2022)
4 және одан көп авторлар	Всегда — (Ерментаева et al., 2014)
Көп дереккөздерді бір уақытта сілтеде	(Barkhuizen, 2016; Karpenko, Kazanbieva and Dubinina, 2022; Horowitz, 2006)
Бір автордың бір жылдағы бірнеше жарияланымдары	(Simanovski, 2025a; Simanovski, 2025b)
Авторсыз	(United Nations, n.d.)
Күні жоқ	(Grants.kz, n.d.)
Екіншілік сілтеме (ұсынылмайды)	(Campell, 1976, as cited in Barkhuizen, 2016, p. 30)

Шарт	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің форматы
	Кітаптар
Кітап (баспа нұсқасы)	Симановский, А.Э. (2025) <i>Педагогическая психология: учебник для среднего профессионального образования</i> . 3-е изд., перераб. и доп. Москва: Издательство Юрайт.
Электронды дереккөз	Симановский, А.Э. (2025) <i>Педагогическая психология: учебник для среднего профессионального образования</i> . 3-е изд., перераб. и доп. Москва: Издательство Юрайт. Доступно на: https://urait.ru/bcode/569024 (дата обращения: 18.05.2025).
Тараудан дәйексөз	Симановский, А.Э. (2025) «Психология воспитания», в <i>Педагогическая психология: учебник для среднего профессионального образования</i> . 3-е изд., перераб. и доп. Москва: Издательство Юрайт, с. 120–143.

Аудармалы кітап	Майерс, Д.Г. және Туен, Ж.М. (2014) <i>Әлеуметтік психология</i> . Ағылшын тілінен аударған А.Р. Ерментаев, К.Р. Қалкеева, Г.К. Шолпанқұлова ж.т.б. Алматы: McGraw Hill Education.
DOI нөмірі бар мақалалар	
Ағылшын тілінде	Barkhuizen, G. (2016) ‘Narrative approaches to exploring language, identity and power in language teacher education’, <i>RELC Journal</i> , 47(1), pp. 25–42. https://doi.org/10.1177/0033688216631222 .
Қазақ немесе орыс тілдерінде (кириллица).	Карпенко, Е., Казанбиева, А. и Дубинина, С. (2022) «Дистанционное обучение как инструмент развития человеческого капитала», <i>Региональные проблемы преобразования экономики</i> , (9), с. 68–77. https://doi.org/10.26726/1812-7096-2021-9-68-77
DOI нөмірі жоқ мақалалар	
Ағылшын тілінде	Horowitz, E. (2006) ‘George Eliot: The conservative’, <i>Victorian Studies</i> , 49(1), pp. 7–32. Available at: https://www.jstor.org/stable/4618949 (Accessed: 14 May 2020).
Қазақ немесе орыс тілдерінде (кириллица).	Ведилина, Е.А. и Ендураева, Е.Ю. (2012) «Реализация принципов личностно-ориентированного обучения в начальной школе», <i>Педагогический вестник Казахстана</i> , 4, стр. 16–21. Қолжетімді: https://pedvestnik.ppu.edu.kz/storage/journals/5.pdf (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).
Веб-дереккөз	
Ағылшын тілінде	United Nations (n.d.) ‘Protect human rights’, <i>Our work</i> . Available at: https://www.un.org/en/our-work/protect-human-rights (Accessed: 19 May 2025).
Қазақ немесе орыс тілдерінде (кириллица).	<p>Токаев, Қ.-Ж. (2024) «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм», <i>Қазақстан халқына Жолдау</i>, 2 қыркүйек. Қолжетімді: https://www.akorda.kz/ru/addresses?ysclid=mauqmltq1r337579618 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).</p> <p>Токаев, К.-Ж. (2024) «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм», <i>Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана</i>, 2 сентября. Доступно по адресу: https://www.akorda.kz/ru/addresses?ysclid=mauqmltq1r337579618 (дата обращения: 19 мая 2025 г.).</p>
Әлеуметтік желілер	
Ағылшын тілінде	Kramer, K. [@SenKevinCramer] (2020) ‘Vacancies...’ [Twitter] 24 September. Available at: https://twitter.com/... (Accessed: 25 September 2020).
Қазақ немесе орыс тілдерінде (кириллица).	Grants.kz [@grants.kz] (2025) «Ученик специализированного ИТ-лицея из Мангистауской области, Рамазан Бутантаев, занял первое место на Азиатско-Тихоокеанской лингвистической олимпиаде APLO-2025. [Instagram] Қолжетімді: https://www.instagram.com/p/DJRMtyIs705/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFIZA== (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).

Әдебиеттер тізімі

Ведилина, Е.А. и Ендураева, Е.Ю., (2012). «Реализация принципов личностно-ориентированного обучения в начальной школе». *Педагогический вестник Казахстана*, 4, стр. 16–21. Қолжетімді: <https://pedvestnik.ppu.edu.kz/storage/journals/5.pdf> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).

Грантс.кз [@grants.kz], (2025). «Ученик специализированного ИТ лицея из Мангистауской области, Рамазан Бутантаев, занял первое место на Азиатско-

Тихоокеанской лингвистической олимпиаде APLO (2025)». [Instagram]. Қолжетімді: https://www.instagram.com/p/DJRMtyIs705/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIO DBiNWF1ZA== (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).

Карпенко, Е., Казанбиеva, А. и Дубинина, С., (2022). «Дистанционное обучение как инструмент развития человеческого капитала». *Региональные проблемы преобразования экономики*, (9), с. 68–77. <https://doi.org/10.26726/1812-7096-2021-9-68-77>.

Майерс, Д.Г. және Туен, Ж.М. (2014) *Әлеуметтік психология*. Ағылшын тілінен аударған А.Р. Ерментаев, К.Р. Қалкеева, Г.К. Шолпанқұлова ж.т.б. Алматы: McGraw Hill Education.

Симановский, А.Э. (2025) *Педагогическая психология: учебник для среднего профессионального образования*. 3-е изд., перераб. и доп. Москва: Издательство Юрайт.

Симановский, А.Э. (2025) *Педагогическая психология: учебник для среднего профессионального образования*. 3-е изд., перераб. и доп. Москва: Издательство Юрайт. Қолжетімді: <https://urait.ru/bcode/569024> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).

Симановский, А.Э. (2025) «Психология воспитания», в *Педагогическая психология: учебник для среднего профессионального образования*. 3-е изд., перераб. и доп. Москва: Издательство Юрайт, с. 120–143.

Токаев, К.-Ж. (2024) «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм», *Қазақстан халқына Жолдау*, 2 қыркүйек. Қолжетімді: <https://www.akorda.kz/ru/addresses?ysclid=mauqmltqlr337579618> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).

Barkhuizen, G., (2016). ‘Narrative approaches to exploring language, identity and power in language teacher education’, *RELC Journal*, 47(1), pp. 25–42. <https://doi.org/10.1177/0033688216631222>.

Horowitz, E., (2006). ‘George Eliot: The conservative’, *Victorian Studies*, 49(1), pp. 7–32. Қолжетімді: <https://www.jstor.org/stable/4618949> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).

Kramer, K. [@SenKevinCramer], (2020). ‘Vacancies...’ [Twitter] 24 September. Қолжетімді: [https://twitter.com/...](https://twitter.com/) (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).

United Nations, ж.к. ‘Protect human rights’, *Our work*. Қолжетімді: <https://www.un.org/en/our-work/protect-human-rights> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 19 мамыр).

Мақала соңында «Әдебиеттер тізімі» бөлімінен кейін негізгі жарияланым тіліне байланысты екі қосымша тілде келесі мәліметтерді қамтитын бірынгай метадеректер блогы орналастырылуы тиіс (егер жарияланымның негізгі тілі қазақ тілі болса, онда орыс және ағылшын нұсқалары қоса беріледі; егер негізгі тіл орыс тілі болса — қазақ және ағылшын нұсқалары; ал егер ағылшын тілінде жазылған болса — қазақ және орыс нұсқалары қоса беріледі):

- Автор(лар)дың аты-жөні;
- Автор(лар)дың жұмыс орны, қала, ел, e-mail;
- Мақаланың атауы;
- Аңдатпа;
- Түйін сөздер.

Кириллицада берілген әдебиеттер тізімінде мұндай еңбектер болған жағдайда, әдебиеттер тізімі екі нұсқада ұсынылуы тиіс: біріншісі – түпнұсқа тілінде, екіншісі – латын графикасындағы транслитерацияланған нұсқада (орыс тілінен латыншаға транслитерациялау үшін ұсынылатын тегін сайт: <https://translit.ru>, қазақ тілінен латыншаға транслитерациялау үшін: <https://qazlat.kz>).

Транслитерация және аудармасы — Harvard стилі ережелеріне сай латын қарпімен толық библиографиялық сипаттама беріледі, ал еңбектің атауы квадрат жақшада ағылшын тіліне аударылады.

Мысал:

Негізгі дереккоз (кириллицада)	Транслитерация және аударма
Иванов, И.П. (2019) Психология обучения. Москва: Наука.	Ivanov, I.P. (2019) Psihologija obuchenija [Psychology of Education]. Moskva: Nauka. (in Russian)

С.К. Искендирова¹, С.Ж.Зейнолла²

¹Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, филиал по Акмолинской области, Kokshetau, Kazakhstan

²Казахско-Немецкий университет, Алматы, Kazakhstan

Оценка системы высшего образования в Казахстане и вопросы управления её качеством.

Аннотация.

Түйін сөздер:

S.K. Iskendirova¹, S.Zh.Zeinolla²

¹*The Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan of Akmola Region, Kokshetau, Kazakhstan*

²*German-Kazakh University, Almaty, Kazakhstan*

Assessment of the Higher Education System of Kazakhstan and Issues of Its Quality Management

Abstract.

Keywords:

References

Vedilina, E.A. i Enduraeva, E.Yu. (2012) ‘Realizatsija principov lichnostno-orientirovannogo obuchenija v nachal’noj shkole’ [Implementation of the principles of learner-centered education in primary school]. Pedagogicheskij vestnik Kazahstana, 4, pp. 16–21. Available at: <https://pedvestnik.ppu.edu.kz/storage/journals/5.pdf> (Accessed: 19 May 2025). (in Russian)

Grants.kz [@grants.kz] (2025) Uchenik specializirovannogo IT liceja iz Mangistauskoj oblasti, Ramazan Butantaev, zanjal pervoe mesto na Aziatsko-Tihookeanskoy lingvisticheskoy olimpiade APLO (2025) [A student from a specialized IT lyceum in Mangystau region, Ramazan Butantaev, took first place at the Asia-Pacific Linguistics Olympiad APLO (2025)]. [Instagram] 19 May. Available at: https://www.instagram.com/p/DJRMtyIs705/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlO DBiNWFIZA== (Accessed: 19 May 2025). (in Russian)

Karpenko, E., Kazanbieva, A. i Dubinina, S. (2022) Distancionnoe obuchenie kak instrument razvitiya chelovecheskogo kapitala [Distance learning as a tool for developing human capital]. Regional'nye problemy preobrazovaniya ekonomiki, (9), pp. 68–77. <https://doi.org/10.26726/1812-7096-2021-9-68-77>. (in Russian)

Mayers, D.G. jäne Tuen, Zh.M. (2014) Äleumettik psikhologiya [Social Psychology]. Trans. from English by A.R. Yermentaev, K.R. Kalkeeva, G.K. Sholpankulova et al. Almaty: McGraw Hill Education. (in Kazakh).

Simanovskij, A.E. (2025) Pedagogicheskaja psihologija: uchebnik dlja srednego professional'nogo obrazovanija [Educational Psychology: Textbook for Secondary Vocational Education]. 3rd ed., rev. and ext. Moskva: Izdatel'stvo Jurajt. (in Russian)

Simanovskij, A.E. (2025) Pedagogicheskaja psihologija: uchebnik dlja srednego professional'nogo obrazovanija [Educational Psychology: Textbook for Secondary Vocational Education]. 3rd ed., rev. and ext. Moskva: Izdatel'stvo Jurajt. Available at: <https://urait.ru/bcode/569024> (Accessed: 18 May 2025). (in Russian)

Simanovskij, A.E. (2025) 'Psihologija vospitanija' [Psychology of Upbringing]. In: Pedagogicheskaja psihologija: uchebnik dlja srednego professional'nogo obrazovanija [Educational Psychology: Textbook for Secondary Vocational Education]. 3rd ed., rev. and ext. Moskva: Izdatel'stvo Jurajt, pp. 120–143. (in Russian)

Tokaev, Q.-Zh. (2024) 'Ádiletti Qazaqstan: zań men tártip, ékonomikalyq ósim, qoǵamdyq optimizm' [A Just Kazakhstan: Law and Order, Economic Growth, Public Optimism]. Address by the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan, 2 September. Available at: <https://www.akorda.kz/ru/addresses?ysclid=mauqmltqlr337579618> (Accessed: 19 May 2025). (in Kazakh)

Barkhuizen, G., (2016). Narrative approaches to exploring language, identity and power in language teacher education. *RELC Journal*, 47(1), pp. 25–42. <https://doi.org/10.1177/0033688216631222>.

Horowitz, E., (2006). George Eliot: The conservative. *Victorian Studies*, 49(1), pp. 7–32. Available at: <https://www.jstor.org/stable/4618949> [Accessed: 14 May 2020].

Kramer, K. [[@SenKevinCramer](https://twitter.com)], (2020). Vacancies... [Twitter] 24 September. Available at: <https://twitter.com/...> [Accessed: 25 September 2020].

United Nations, n.d. Protect human rights. *Our work*. Available at: <https://www.un.org/en/our-work/protect-human-rights> [Accessed: 19 May 2025].

Әдебиеттер тізімінің транслитерациясынан кейін міндепті түрде үш тілде «Авторлар туралы мәліметтер» бөлімін ұсыну қажет. «Авторлар туралы мәліметтер» бөлімінде барлық деректер көрсетілуі тиіс: Аты-жөні – хат-хабар авторы, ғылыми дәрежесі, мамандығы, қызметі, үйымы, мекенжайы: индекс, қала, ел — толық түрде.

Авторлар туралы мәлімет:

Искендирова С.К. - хат-хабар авторы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Президенті жаңындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақмола облысы бойынша филиалы, Абай көшесі, 87, 020000, Көкшетау, Қазақстан

Зейнолла С.Ж. - PhD, жоба жетекшісі, Қазақстан-Неміс университеті, Пушкин көшесі, 111, 050000, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Искендирова С.К. - автор для корреспонденции, кандидат экономических наук, профессор, Филиал Академии государственного управления при Президенте

Республики Казахстан по Акмолинской области, ул. Абая, 87, 020000, Kokshetau, Kazakhstan

Зейнолла С.Ж. – PhD, руководитель проекта, Казахстанско-Немецкий университет, ул. Пушкина, 111, 050000, Алматы, Kazakhstan

Information about authors:

Iskendirova S.K. - corresponding author, Professor, The Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan of Akmola Region, Abai str., 87, 020000, Kokshetau, Kazakhstan

Zeinolla S.Zh. - PhD, project manager, German-Kazakh University, Pushkin str., 111, 050000, Almaty, Kazakhstan

Авторлар екі нұсқа қолжазбасын ұсынуы қажет, оның бірінде авторлар туралы мәліметтер (аты-жөні, жұмыс орны, авторлар туралы ақпарат) болмауы тиіс, себебі қосарланған жасырын рецензиялау үшін мәтін анонимделген болуы қажет.

Автор қолжазбамен бірге журнал редакциясына ұсынылған қолжазбаның тәуелсіз сипаты туралы, мақала плагиатқа тексерілуіне келісімі туралы, жарияланған жағдайда оны әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, соның ішінде толық мәтіндік нұсқаларға енгізуге және баспағерге ерекше құқықтар беру туралы жарыс хатты жібереді (жарыс хаттың үлгісі журналдың сайтында орналастырылған).

Жариялаудан бас тарту негіздері

- 7.1 Мақала антиплагиат тексерісінен өтпеді.
- 7.2 Мақалага екі жағымсыз рецензия болған жағдайда.
- 7.3 Автор рецензенттердің ұсынған түзетулерін енгізбеді.
- 7.4 Антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижесінде жасанды мәтіннің болуы анықталды.

8. Авторлық құқықтар

Бұл журналда мақалаларын жариялайтын авторлар келесі шарттарды қабылдайды:

Авторлар өз енбектеріндегі авторлық құқықтарды сақтайды және журналға Creative Commons Attribution License лицензиясы бойынша енбекті алғаш жариялау құқығын береді. Бұл лицензия басқа тұлғаларға авторлардың түпнұсқа жұмысына және осы журналдағы түпнұсқа жарияланымға сілтемелерді міндетті түрде сақтай отырып, жұмысты таратуға мүмкіндік береді.

Авторлар жарияланған нұсқаның эксклюзивті емес таралуына қатысты жеке келісім-шарттар жасасу құқығын сақтайды (мысалы, оны университеттік архивте сақтау, кітапта жариялау), осы журналдағы түпнұсқа жарияланымға сілтеме жасау шартымен.

Авторлар жұмысты осы журналда қаралу процесінде және оған дейін де интернетте орналастыруға құқылы (мысалы, университеттік архивте немесе жеке сайтта), өйткені бұл өнімді талқылауға және жұмысқа сілтемелер санының көбеюіне әкелуі мүмкін (қараныз: The Effect of Open Access).

9. Жеке құпиялышы

Осы журналдың сайтында енгізілген аты-жөні мен электрондық пошта мекенжайлары тек осы журнал белгілеген мақсаттар үшін ғана пайдаланылып, басқа мақсаттарда қолданылмайды және үшінші тұлғалар мен үйымдарға берілмейді.

10. Шолу жүргізу тәртібі

Журнал редакциясына түскен барлық ғылыми мақалалар міндетті түрде қосарланған соқыр шолу рәсімінен өтеді (шолушы рукопис авторларын білмейді, авторлар шолушыларды білмейді). Рукопис екі шолушыға бағалау үшін жіберіледі.

Мақалаларды шолу журналдың редакциялық кеңесінің және редакциялық коллегия мүшелерімен, сондай-ақ саланың жетекші мамандары ретінде шақырылған шолушылармен жүргізіледі. Мақаланы сараптау үшін шолушыны таңдау туралы шешімді бас редактор, бас редактордың орынбасары немесе жауапты редактор қабылдайды.

Шолу мерзімі 4 аптаға дейін, бірақ шолушының өтініші бойынша тағы 2 аптаға ұзартылуы мүмкін.

Әрбір шолушы, егер мүдделер қактығысы анық байқалса және бұл рукопистің материалдарын қабылдау мен түсінуге әсер етсе, шолудан бас тарту құқығына ие.

Рукопис қарау нәтижелері бойынша шолушы мақаланың әрі қарайғы тағдыры туралы ұсыныстар береді (әр шешім негізделеді):

- мақала қазіргі күйінде жариялауға ұсынылады;
- мақала шолушы белгілеген кемшіліктер түзетілгеннен кейін жариялауға ұсынылады;
- мақала қосымша басқа маманның шолуынан өтуі қажет;
- мақала журналда жарияланбауы тиіс.

Егер рецензияда мақалаға түзету және жетілдіру бойынша ұсыныстар болса, журнал редакциясы авторга рецензия мәтінін жіберіп, оны келесі нұсқаны дайындау кезінде ескеруін немесе оларды негізден (бөліктен немесе толықтай) жоққа шығаруды ұсынады. Мақаланы жетілдіру электрондық хабарлама авторларға жөнделу қажеттілігі туралы жіберілген сәттен бастап 1 айдан артық уақыт алмайды. Автордың түзеткен мақаласы қайтадан рецензиялауға жіберіледі. Қайта рецензиялау мерзімі 2 аптаға дейін болады.

Авторлар материалдарды жетілдіруден бас тартқан жағдайда, олар мақаланы жариялаудан бас тартқандығы туралы редакцияға жазбаша немесе ауызша түрде хабарлауы керек. Егер авторлар рецензия жіберілген күннен бастап бір ай ішінде түзетілген нұсқасын қайтармаса, тіпті мақалаға түзету жасаудан бас тартқандығы туралы хабарлама болмаған жағдайда да, редакция мақаланы есептен шығарады. Осында жағдайларда авторларға мақалаға түзету жасауға берілген мерзімнің аяқталуына байланысты қолжазбаны тіркеуден алу туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

Егер автор мен рецензенттер арасында қолжазбаға қатысты шешілмейтін қарама-қайшылықтар туындаса, редакциялық кеңес қолжазбаны қосымша рецензиялауға жібере алады. Қактығысты жағдайларда шешімді бас редактор редакциялық коллегия отырысында қабылдайды.

Колжазбаны жариялаудан бас тарту туралы шешім редакциялық коллегияның ұсыныстары негізінде қабылданады. Редакциялық коллегияның жариялауға ұсынбаған мақаласы қайта қарауға қабылданбайды. Жариялаудан бас тарту туралы хабарлама авторға электрондық пошта арқылы жіберіледі. Мақаланы жариялауға рұқсат беру туралы редакциялық коллегия шешім қабылдағаннан кейін редакция авторды хабарландырып, жариялау мерзімдерін көрсетеді.

Оң рецензияның болуы мақала жариялауға жеткілікті негіз болып саналмайды. Жариялау туралы соңғы шешімді редакциялық коллегия қабылдайды. Қактығыс жағдайында шешімді бас редактор қабылдайды.

11. Мұдделерді жариялау және мұдделер қақтығысы саясаты

Жарияланбаған мәліметтер, ұсынылған қолжазбалардан алынған, автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерде пайдалануға болмайды. Рецензиялау кезінде алынған ақпарат немесе идеялар, мүмкін болатын артықшылықтарға байланысты, күпия болып сақталуы тиіс және жеке пайда алу мақсатында пайдаланылмауы керек. Рецензенттер бәсекелестік, бірлескен және басқа да өзара әрекеттесу және қатынастар нәтижесінде авторлардың, компаниялардың немесе ұсынылған жұмысқа қатысты басқа ұйымдардың мұдделері қайшы келген жағдайда қолжазбаларды қарастыруға қатыспауды тиіс.

Барлық мұдделі тұлғаларға (авторлар, рецензенттер, редакторлар және журналдың редакциялық коллегия мүшелері) мүмкіндігінше жариялау кезеңінің барлық сатыларында кез келген нұсқадағы мұдделер қақтығысының туындауын болдырмау қажет. Егер қандай да бір мұдделер қақтығысы анықталса, оны анықтаған адам дереу редакцияға хабарлауы тиіс. Бұл ереже жариялау мен ғылыми этика принциптері, стандарттары мен нормаларын бұзу кезіндегі басқа да жағдайларға қатысты қолданылады.

Автормен, редакторлармен және рецензенттермен байланысты этикалық нормаларды бұзу жағдайлары, жоғарыда аталғандармен реттелмеген болса, Ғылыми жарияланым этикасы комитетінің (Committee on Publication Ethics: COPE, Promoting integrity in scholarly research and its publication) этика принциптері бойынша шешіледі.

12. Үкпал ету және плагиат

Журнал «Gumilyov journal of pedagogy»-ға ұсынылған барлық мақалалар плагиатқа қарсы автоматтандырылған «Антиплагиат» лицензиялық жүйесі арқылы тәуелсіздік тексеруінен өтеді <https://antiplagiat.enu.kz/>. Мақаланың жариялауға қабылдануы үшін түпнұсқалығы кемінде 75% болуы тиіс. Мәтіннің түпнұсқалығы 69-74% аралығында болған жағдайда мақала авторға 75%-ке жеткізу үшін түзетуге жіберіледі. Түпнұсқалығы 69%-дан төмен мақалалар қабылданбайды.

Мақала авторлары өз жұмыстарының толығымен түпнұсқа екеніне кепілдік беруі тиіс. Басқа авторлардың жұмыстары мен/немесе дәйексөздері қолданылған жағдайда библиографиялық сілтемелер немесе үзінділер міндетті түрде көрсетілуі керек. Автор өз ұйымымен расталған хатты ұсынады. Басқа авторлардың еңбектеріне тиісті сілтемелер міндетті талап болып табылады. Авторлар өздерінің жұмысына шешуші әсер еткен басылымдарға сілтеме жасауы қажет. Көптеген ұрланулар анықталған жағдайда редакция COPE ережелеріне сәйкес әрекет өтеді.

13. Препринтер мен постпринттерді орналастыру саясаты

Мақаланы тапсыру барысында автор мақала басқа ғылыми журналда жарияланбағанын немесе жариялауға қабылданбағанын растауы керек. «Gumilyov journal of pedagogy» журналында жарияланған мақалаға сілтеме жасаған кезде, баспағер журналдың ресми сайтына толық URL мекенжайымен сілтемені орналастыруды сүрайды.

14. Жариялау этикасы

Журналдың редакциялық саясаты мен ғылыми жарияланым этикасы ғылыми мерзімді басылымдардың этикалық қағидаларына негізделген, олар Қоғамдық жарияланым этикасы комитетінің (Committee on Publication Ethics: COPE) «Ғылыми жарияланым этикасының қағидаларына арналған редакторлар нұсқаулығында» келтірілген, және келесі талаптарды қамтиды:

1. Мақала келесі талаптарға сай болуы керек:

- Жіберілген кезде басқа басылымда жарияланбаған немесе қаралуда болмауы;

- Тұнұсқа зерттеу нәтижелерін қамтуы;
- Автор(лар) жұмысының нәтижелерін көрсетуі. Барлық авторлардың осы журналда жариялауға келісімі бар деп есептеледі және мақаладағы авторлар ретінен ешқандай қарсылықтары жоқ;
- Деректер тізімінде тек зерттеу барысында шынайы қолданылған рецензияланған дереккөздер ғана қамтылуы және барлық пайдаланылған дереккөздер көрсетілуі тиіс.

2. Авторларга арналған:

Колжазбаны редакцияға жолдай отырып, автор(лар) ешкімнің авторлық құқықтарын және жариялау этикасының қағидаларын бұзбайтынына кепілдік береді. Авторлар «Gumilyov journal of pedagogy» журналының баспасына шексіз мерзімге ерекше құқықтарды береді:

- мақала нұсқаларын шектеусіз басып шығару, жариялау, жарияға шығару, көшіру немесе тарату құқығы; мақаланы кез келген тәсілмен тарату құқығы. Бұл жағдайда әрбір мақаланың нұсқасында автор(лар)дың аты-жөні көрсетілуі тиіс;
- құрамдас мақалаға енгізу құқығы;
- жалпыға қолжетімді ету құқығы;
- мақаланың метадеректерін (атауы, автор(лар)дың (құқық иесінің) аты, аннотациялар, библиографиялық материалдар, толық мәтін және т.б.) тарату және жалпыға қолжетімді ету, өндөу және жүйелуе, сондай-ақ әртүрлі мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған мақаланың толық мәтіндік нұсқаларына енгізу құқығы.

Мақалаларға қатысты құқықтарды қолдануға рұқсат етілген аймак шектеусіз болып табылады. Автор(лар) мақала редакцияға қабылданып, журналда жарияланғаннан кейін оны журналдың веб-сайтында ашық қолжетімділік форматында орналастыруға, сондай-ақ жарияланған мақаласы бар журналдың басып шығарылған нөмірін кітапханалар мен басқа үйымдар мен/немесе мекемелерде таратуға қарсы емес.

Автор(лар) сондай-ақ журналдың баспасына өздерінің жеке деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, білім туралы мәліметтер, жұмыс орны мен лауазымы туралы ақпарат) мерзімдік шектеусіз сақтау және өндөу құқығын береді. Жеке деректер әртүрлі мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелерде сақталу және өнделу үшін, аналитикалық және статистикалық есептерге енгізу үшін, ғылыми, әдеби және өнер шығармалары объектілері мен жеке деректер арасындағы негізделген байланыстарды жасау үшін және т.б. пайдаланылады.

Автор(лар) ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес зансыз пайдаланғаны үшін толық жауапкершілік алады (алады). Автор(лар) журнал баспасының рукописті плагиат және жариялау этикасын бұзу белгілері бойынша тексеруіне өз келісімін береді (береді). Автор(лар) редакциялық коллегияға рукописті оның негізгі ережелерін өзгертпей, ғылыми және әдеби өндеуді тәуелсіз жүргізуге, рукописті рецензиялауға және қажетті түзетулер мен өзгерістер енгізуі үсінуға рұқсат береді, мұндай түзетулер мен өзгерістер автор(лар) енгізгеннен кейін ғана рукопис жарияланады.

Автор(лар) редакциялық коллегияның рукопистің жариялануына бас тарту құқығын таниды, егер оның рәсімделуі мен мазмұны журналдың қойылатын талаптарына сәйкес келмесе, немесе нормативтік-құқықтық актілер мен/немесе басқа ресми мемлекеттік құжаттарда көрсетілген ақпаратты жариялауға тыйым салынған жағдайларда, немесе рукописте ғылыми және/немесе жариялау этикасының принциптерін бұзу фактілері анықталған жағдайда.

Автор(лар) өзінің басқа ғалымдармен немесе журналдың редакциялық коллегиясының мүшелерімен мұдделер қайшылығы бар/жоқ екенін мәлімдейді. (Мұдделер қайшылығы болған жағдайда, рукописті объективті бағалауға кедергі болатын себептерді және автор(лар) пікірінше рукописті объективті бағалай алмайтын ғалымдардың толық аты-жөнін көрсету қажет.) Автор(лар) журналдың редакциялық саясатымен танысқанын, онда журнал туралы жалпы ақпарат, мақалаларды қарау тәртібі, авторларға арналған нұсқаулық және жариялау этикасы қамтылғанын раставиды.

3. Рецензенттерге арналған:

Журналда жарияланатын мақалалардың сапасын қамтамасыз ету мақсатында «екі жақты слепой» рецензиялау тәртібі қолданылады (рецензент авторларды білмейді, авторлар рецензенттерді білмейді). Мәтіндер бағалау үшін екі рецензентке жіберіледі.

Құқылары:

- Рецензияға ұсынылған мәтіннің аннотациясын сұрауға;
- Аннотациямен немесе толық анонимді мәтінді оқығаннан кейін сараптамадан бас тартууга;
- Материал тақырыбы бойынша маман болмаса, рецензиядан бас тартып, редакцияға хабарлауға.

Міндеттері:

- Алынған мәтінді конфиденциалды құжат ретінде қарастыруға;
- Материалға объективті және негізделген баға беруге;
- Рецензиялау барысында алынған ақпарат пен идеяларды қупия ұстауға;
- Мұдделер қақтығысы болған жағдайда рецензиялаудан бас тартуға;
- Жіберілген мәтіндегі материалдарды өз басылымдарында пайдаланбауға.

4. Бас редакторға арналған:

Құқықтары:

- Редакция жұмысының жетілдірілуіне бағытталған ұсыныстар енгізу;
- Өз қызметіне қатысты кәсіпорын директоры мен редакциялық-баспа бөлімінің басшысының шешім жобаларымен танысу;
- Редакцияның күнделікті қызметін қамтамасыз ету мақсатында өз құзыретіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- Редакция ұйымдастыруға қатысты мәселелер қаралған кезде басқару коллегияларының жұмысына қатысу.

Міндеттері:

- Басылымның даму концепциясын әзірлеу;
- Басылым авторлары дайындаған мақалаларды редакциялау;
- Рукопистерді редакциялауға және рецензиялауға жолдау;
- Материалдарды баспаға дайындау;
- Редакция жұмысы туралы есептер жазу.

Редакциялық коллегия мүшелері міндетті:

- Журналдың редакциялық коллегиясының отырыстарына қатысу, мақалага қатысты рецензенттердің шешімдерімен келісу немесе келіспеу туралы пікір білдіру, журналдың сан мазмұнын анықтау бойынша шешім қабылдау;
- Рукопись мазмұнын автордың жынысына, ұлтына, дініне және басқа жеке қасиеттеріне қарамастан бағалау;
- Редакторлар, рецензенттер және рукописьпен жұмыс істейтін басқа қызметкерлерге жариялауға ұсынылған материалдарды өз жұмыстарында пайдаланбау;

– Мұдделер қақтығысы болған жағдайда жариялауга ұсынылған материалдарды қараудан бас тарту және автордан мұдделер қақтығысының бар-жоғын анықтайтын ақпаратты талап ету.

Қате (формулалардағы қателер, техникалық себептермен көрсеткіштердегі қателер) анықталған жағдайда, түзетулер туралы ақпарат келесі нөмірлерде жариялануы мүмкін.

15. Жасанды интеллектті ғылыми мақалаларда қолдану ережелері

Журнал редакциясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығының 1-қосымшасының 5-тармағында көрсетілген принциптерді басшылыққа ала отырып (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы №4 бұйрығының редакциясы бойынша), ғылыми мақалаларда жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) технологияларын қолдануға қатысты өз ұстанымын анықтайды. Бұл педагогикалық зерттеулердің ерекшеліктерін, этикалық нормаларды және академиялық адалдық принципін ескере отырып, жарияланатын материалдардың сапасын қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Редакция ғылыми мақалаларда жасанды интеллектті (ЖИ) тек қосымша функциялар үшін және келесі шарттарды сақтай отырып қолдануға рұқсат береді:

1. Мақала авторлары ЖИ технологиялары арқылы алынған ақпаратты дәл, қауіпсіз және этикалық түрде пайдалануға ұмтылады.

2. Автор(лар) ЖИ технологиясын қолданғаны туралы ақпаратты келесі түрде хабарлайды:

– ғылыми зерттеудің қай кезеңдерінде және қандай түрде ЖИ технологиясы пайдаланылғаны;

– алынған деректердің немесе олардың өнделуі мен интерпретациясының дұрыстығын тексеру әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы ЖИ технологияларын қолдану кезінде;

– қолданылған ЖИ технологияларына сілтемелер берілгенде технологияның атауы, өндіруші (құқық иесі), нұсқасы, қолдану және қол жеткізу күні көрсетілуі тиіс. Мысалы: OpenAI (2023) ChatGPT [Генеративті ЖИ-құрал]. Қолжетімді: <https://chat.openai.com/chat> (Қол жеткізу күні: 2023 жылғы 20 наурыз).

3. Қажетті мәліметтердің болмауы автордың ғылыми мақалада жасанды интеллект технологияларын пайдаланбағанын раставу болып табылады;

4. Мақаланы дайындауда ЖИ технологияларын қолданған жағдайда, ғылыми нәтижелер, тұжырымдар, ұсыныстар және қорытындылар автордың өзімен жеке түрде қалыптастырылуы тиіс;

5. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өндегу кезінде (анкета, тесттер, сауалнамалар, педагогикалық эксперимент) ЖИ технологияларын қолдануға рұқсат беріледі.

Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын келесі жағдайларда қолдануға тыйым салынады:

1. Мақаланың мәтінін генерациялау кезінде (аннотация, кіріспе, әдебиеттер шолуы, методология, нәтижелер, талқылау, қорытындылар және әдебиеттер тізімі);

2. ЖИ технологиясын қолданғаны туралы атауы, өндіруші (құқық иесі), нұсқасы және пайдалану немесе жүгіну күні көрсетілмей қолдану;

3. Плагиат анықталу мүмкіндігін азайту немесе жою мақсатында ЖИ технологияларын пайдалану;

4. Плагиатты жасыру үшін, яғни ЖИ арқылы «басқа» мақаланың мәтінін өзгерту, бірақ дереккөзді көрсетпеу;

5. Эмпирикалық зерттеулерде, 13 жасқа толмаған балаларға қатысты, этикалық шектеулер және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау қажеттілігіне байланысты;

6. Эксперименттің нақты жүргізілмей-ақ эксперименттік деректерді генерациялау үшін (жалған деректер жасау).

16. Редакцияның мекенжайы:

010008, Қазақстан, Астана қаласы, Сәтпаев көшесі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оку-әкімшілік ғимараты, +7 702 505 9275

17. Төлем

ЕҰУ қызметкерлерге – 1 беті үшін 2000 теңге (электрондық нұсқасы), 1 беті үшін 2500 теңге (электрондық және қағаз нұсқалары).

Сыртқы ұйымдарға – 1 беті үшін 2500 теңге (электрондық нұсқасы), 1 беті үшін 3000 теңге (электрондық және қағаз нұсқалары).

Реквизиттер:

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті» КеАҚ
БСН 010140003594

1) «Банк ЦентрКредит» АҚ
БИК Банка: KCJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338
Кбе 16
Кнп 859 - мақала үшін
2) «Bank RBK» АҚ
БИК Банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073
Кбе 16
Кнп 859- мақала үшін

3). **Kaspi.kz > Төлемдер > Білім > Қосымша білім беру > «Вестник ЕНУ» ұйымды таңдаңыз**

1. Автордың Т.А.Ә.
2. Автордың ЖСН
3. «Pedagogy» журнал сериясын таңдаңыз
4. Сома

17. Лицензиялау

«Gumilyov journal of pedagogy» ғылыми журналы өз контентіне тікелей ашық қолжетімділікті Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0) лицензиясы негізінде ақысыз ұсынады. Авторлар өз авторлық құқықтарын сактайды, жұмыстың авторы көрсетілген және осы журналға сілтеме жасалған жағдайда материалды еркін көшіруге және таратуға құқылы.

